

**«M.S. Narikbayev atyndagy KAZGUU Universiteti» АҚ**  
**Жетібаев Жандос Копжасаровичтың**  
**Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**  
**«Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық**  
**технологиялардың даму дәуірінде жасау және орындау ерекшеліктері»**  
**тақырыбындағы диссертациясына**

**П І К І Р**

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде азаматтық құқықтық сипаттағы жазбаша нысандағы мәмілелердің жаңа түрі ретінде қашықтықтан жасалатын «электрондық мәмілеге» қатысты сұрақтардың мәні толығымен заңнамалық деңгейде ашылмауы себепті өзектілігі артуда. Бұл тақырып өз зерттеушілерін тосып тұрған сұрақтардың легі бар бағыттардың отанымыздағы алғашқысы деп танымыз. Сол себепті докторанттың осы бағытты зерттеуді таңдау шешімін сөзсіз құптауға болады.

«Электрондық мәміле» түсінігі, түрлері, оның ішінде «клик-келісімшарттары», «брауз-келісімшарттары», нүктені басу арқылы жасалатын өзге мәмілелер, олардың жасалу және орындалу тәртібі, электрондық мәмілелердің негізінен туындайтын азаматтық қатынастарды реттеу жүйесі, электрондық мәмілелер бойынша электрондық дәлелдемелерді қамтамасыз ету сияқты мәселелер жіті зерттеуді талап ететін сұрақтар болып табылады. Сондықтан диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды деп есептейміз.

Диссертация кіріспе, үш тарау және қорытынды бөліктерден тұрады. Зерттеу нәтижесінде автор «электрондық мәміле» ұғымына келесідей авторлық анықтама беруді ұсынады: «Электрондық мәміле – тараптардың ерікті келісім негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық ортада жазбаша нысанда жасалатын келісім шарт; бұл азаматтық құқықтық қатынастарды туындатуға, өзгертуге және (немесе) тоқтатуға бағытталған, сондай-ақ электрондық деректермен алмасуға негізделген жеке және заңды тұлғалардың жүзеге асыратын іс-әрекеттері».

Сонымен бірге, электрондық мәмілелердің ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, екі не көпжақты мәмілелермен қоса, біржақты электрондық мәмілелердің жасалу тәртібіне байланысты және электрондық мәмілелер бойынша электрондық дәлелдемелерді тану, бағалау және қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде қашықтықтан жасалатын электрондық мәмілелер бойынша мәміле жарамсыздығына алып келетін жағдайлардың негізіне қатысты құнды әрі азаматтық, іскерлік айналым үшін пайдалы болар бірқатар байламдар жасалған.

Диссертациялық зерттеу жұмысы азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу құқықтары аясында орындалған, себебі электрондық мәмілелер бойынша даулар туындаған жағдайларда оларды шешудің бірталай процестік мәселелік тетіктері пайда болуда. Солайша, мұндай мәмілелер жасасу,



орындалу туралы ақпараттар интернет желісінде тез арада жойылуы мүмкін; жаңа технологиялар арқылы жасалған мәмілелердің жағдайларын анықтауда кейбір электрондық ақпараттардың процестік тұрғыдан дәлелдемелік күші заңнамада әлі бекітілмеуі және т.с.с.

Жетібаев Ж.К. жүргізген зерттеулер автордың ғылыми талдау әдістерін жеткілікті дәрежеде меңгеріп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде жүзеге асырғаны, құқықтану ғылымы саласында мол білімі бар екендігін көрсетеді.

Докторант зерттеу жұмысы аясында алдына қойған мақсаттарына жетті және зерттеу міндеттерін орындады деп пайымдаймыз.

Диссертациялық жұмыс дербес орындалған сипаттамаға ие, қорытындылар нақты дереккөздер мен әдебиеттерге дұрыс сілтеме жасаумен ерекшеленеді және зерттеу тақырыбы бойынша автордың тиісті мақалалары да жарияланған.

Жетібаев Жандос Көпжасаровичтің «Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде жасау және орындау ерекшеліктері»

тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және PhD докторлық диссертацияларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы 6D030100 «Құқықтану» ғылымдары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеп, диссертациялық кеңесінің отырысында қорғалуға ұсынамыз.

Отандық ғылыми жетекшісі,  
заң ғылымдарының докторы,  
КАЗГЮУ университетінің профессоры

С.К.Идрышева

*З. З. З. С. К. Идрышева*  
НКР - Баиліктің *пайдаланушы* *С. К. Идрышев*

